ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 27 қыркүйек іс №1912-23-00-2/1324Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Е.Д.Байбутаев
сот отырысының хатшысы Р.Мусабаева отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Алматы облысының прокуратурасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ЖК Абдумуталлов» жеке кәсіпкер Абдумуталлов Еркебулан Муратулы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыппұлды өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі – М.Оханов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы2маусымдағы талап қоюшы және жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасақталған. Шарттың талаптарына сәйкес Жауапкер тескіш /бұдан әрі - тауар/ деткізу бойынша міндеттемелерді өзіне қабалданды.

Шарттың жалпы сомасы 148 880 теңге құрады.

Бірақ жауапкер өз міндеттерің орындамады.

Талап қоюшының өкілі сотта талап қою арызын толығымен қуаттап, жеке кәсәпкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп бануды және 2 977 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіруды талап етті.

Жауапкер сотқа қатыспады, себебің сотқа жолдаған жоқ. Процесс туралы хабар жауапкерге жетті. Бір рет басқа күнге сот отырыс

тағайындалды, жауапкер қатысы үшін. Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодексі /әрі қарай - АПК/ 196 бабы 4 тармағына сүйене отырып, оның себепсіз қатыспаған сот аңықтап, жауапкердің қатысуз істі сот қарауға негізбар де тапты.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

АПК-нің 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Сотта анықталғандай жауапкер өзіне алған міндеттерың толығымен орындалған жоқ.

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерден тиісті сомасын 2 977 теңге өндіру туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

АПК-нің 109 -бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Алматы облысының прокуратурасы» мемлекеттік мекемесініңталаі қою арызы қанағаттандырылсын.

«ЖК Абдумуталлов» жеке кәсіпкер Абдумуталлов Еркебула Муратулымемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды.

«ЖК Абдумуталлов» жеке кәсіпкер Абдумуталлов Еркебула Муратулыден «Алматы облысының прокуратурасы» мемлекетті

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 27.09.2023

мекемесінің пайдасына 2 978 /екі мың тоғыз жүз жетпыс сегіз/ теңге өндіруді.

«ЖК Абдумуталлов» жеке кәсіпкер Абдумуталлов Еркебулан Муратулыден мемлекет пайдасына сот шығындарын 1 725 /бір мың жетті жүз жиырма бес/ теңге өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Е.Д.Байбутаев**

Көшірмесі дұрыс:

Судья **Байбутаев Е.Д.**

Анықтама

Шешім заңды күшіне енді 27 қазан 2023 жыл

Судья **Байбутаев Е.Д.**

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - Сот өндірісі - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -